

# Аккредиттеу жүйесі



- Аккредиттеу- аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада сәйкестікті бағалау жұмыстарын орындау құзіретін ресми танитын рәсім.
- Аккредиттеу – аккредиттеу жөніндегі орган заңды тұлғаның белгілі бір салада техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкетігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құзіретті және құқылы екенін ресми танитын рәсім.
- Аккредиттеу – іс- әрекеттің нақты бір саласында белгіленген критерийлерге техникалық құзыреттілігіне ерікті түрде бағалау алғысы келген субъектілерге қатысты жүргізіледі.

- Акккредиттеу халықаралық жүйесіне көшу;
- Аккредиттеу саласында заңнамалық және нормативтік базаны қалыптастыруға қатысу;
- Халықаралық стандарттарға сәйке зертханалар және сәйкестікті растау органдарының жүйесін дамыту;
- ILAC, IAF аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйымдарына және ЕА өңірлік ұйымының толық мүшелігіне ену;

- **ИЛАК** – 1978 жылы Копегаген қаласында құрылған халықаралық зертханаларды аккредиттеу жөніндегі кооперация.
- **ИАФ** – 1991 жылы құрылған халықаралық сертификаттау жөніндегі органдарды аккредиттеу жөніндегі форум.
- **ЕА** – 1997 жылы Еуроплық аккредиттеу жөніндегі қоғамдастық құрылды

# Негізгі міндеттері

- - халықаралық стандарттарға сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі органдарын және сынақ зертханаларын аккредиттеу;
- - Қазақстан Республикасы аккредиттеу субъектілеріне жұмыс нәтижелерін халықаралық ұйымдармен және шетелдерде тану үшін жағдай жасау.

# Аккредиттеу принциптері:

- - еріктілік;
- - кұзіреттілік;
- - дискриминацияның жоқтығы;
- - кұпиялық;
- - мідетті және ерікті қызмет салаларында жұмыс істейтін ұйымдарға қойылатын біріңғай талаптар.

ҰАО аккреиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдардың қатысушылығы болып табылады.

# Қызметінің негізгі бағыттары:

- - сәйкестікті растау жөніндегі органдардың, сынақ, салыстырып-тексеру зерханаларын аккредиттеу;
- - сәйкестікті растау жөніндегі органдарын, сынақ, калибрлеу зертханаларын инспекциялық тексеру;
- - салыстыру сынақтарын жүргізу;
- - аккредиттеу саласында халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қызмет ету;
- - аккредиттеу саласында нормативтік құжаттар жобасын әзірлеу;
- - аккредиттеу саласында мамандар даярлау және біліктіліктерін арттыру;

# Аккредитеу субъектілері

- Калибрлеу, сенімдеу, сынақ, аналитикалық және зерттеулер лабораториясы;
- Өнімдердің сәйкестігін растайтын органдар;
- Сапа менеджменті жүйесінің сертификатау органы және менеджменттің басқа да жүйелері;
- Қызметкерлерді сертификаттау органы.



# Аккредиттеудің мақсаты

- Отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- Өнімнің сапасын және тұтынушылардың құқықтарын қорғау, қауіпсіздік сұрақтарын қарастыру;
- Жоғары сапалы өніммен қамтамасыз ету. Саудадағы техникалық кедергілерді жою;
- ҚР мемлекеттік органдары мен шетелдік мемлекеттік кіріс және шығыс өнімдерін нарық пайдаланудағы жауаптылықпен қолдану

